

Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы XXVIII сессиясының № 216 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2016 жылғы 28 шілдедегі IV сессиясының № 38 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 тамызда № 3940 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2020 жылғы 29 шілдедегі № 421 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 29.07.2020 № 421 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы XXVIII сессиясының № 216 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2593 нөмірімен тіркелген, 2014 жылы 11 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 26 сәуірдегі № 18 (690) "Қазыналы өңір" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

7 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"7. Әлеуметтік көмек бір мезгілде келесі атаулы күндерге және мереке күндеріне көрсетіледі:

1) 9 мамыр – Жеңіс күні - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектеріне теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына;

2) 6 шілде – Астана күні - 6 жасқа дейінгі мүгедек балаларға;
3) 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні - 1, 2, 3
т о п т а ғ ы м ү г е д е к т е р г е ;

4) 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні - 70
ж а с ж ә н е о д а н ү л к е н а д а м д а р ғ а . "

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

IV сессияның төрағасы

Т. Теміров

Қалалық мәслихаттың хатшысы

З. Оспанова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК